

Бекітемін:

«Зере» бөбекжай-балабақшасының

меңгеруші м.а:  А.Ж.Ермухамедова



«Педагогикалық әдеп кеңесі»

Төрайымы: Хамза А.Ә

2023-2024 оқу жылы

**МҚКҚ «Зере» бөбекжай-балабақшасының
Педагогикалық әдеп кеңесінің 2023-2024 оқу жылының
жұмыс жоспары.**

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы 1.Педагогикалық кеңес құрамын, хатшысын сайлау. 2. 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау жүргізу. 3.Педагогикалық әдеп кеңесінің 2023-2024 оқу жылына құрылған жоспармен таныстыру.	Қыркүйек 2023 жыл	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы 1.Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары. 2.Педагогтердің сөйлеу мәнері.	Желтоқсан 2023 жыл	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы 1.Педагогтердің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті. 2.Жеке фото суреттермен бейнелерді көпшілік алдына жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.	Наурыз 2024 жыл	Хаттама
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы 1.Педагог бейнесі. 2. Өзінді – өзің тәрбиелеу жолдары. 3. Педагогтардың әлеуметтік желіде , қоғамдық орындардағы этикалық нормалары.	Мамыр 2024 жыл	Хаттама

Хаттама № 6

Педагогикалық әдеп кеңесінің жалпы ұжымға есеп беру жиналысы

Күні: 01.09.2023жыл

Қарастырылатын мәселелер:

1. 2020-2023 оқу жыл аралығындағы әдеп кеңесінің жұмысы.

Тыңдалды:

Әдеп кеңесінің төрағасы Хамза А.Ә. 2020-2023 оқу жылдарындағы өткен мәселелерге шолу жүргізу.

2020-2021оқу жылы

2021-2022оқу жылы

2022-2023оқу жылы жоғарда айтылған оқу жылдарында «Зере» бөбекжай-балабақшамызда әдеп кеңесі қарастырған мәселелер аз болған жоқ. Әдеп кеңесі ең алдымен педагогтің қоғамдағы орнын және мәртебесі жөнінде мәселелер қозғап, сол мәселелердің шешімін тауып отырады. Біздің бөбекжай-балабақшамызда жоғарыда айтылған мәселелер бойынша әдеп кеңесінің жиналыстары өткізіліп, әрдайым оңтайлы шешімдер қабылдап, алдын алу шараларымен жұмыстанып отырдық. Кезектен тыс жиналыстарда болғаны рас. Ол ішкі мәселелер бойынша жұмыс барысымен туындаған мәселелер. Әдеп кеңесі қарастырған кез-келген мәселелер шешімін тауып, түйіні шешілді.

Әдеп кеңесінің атынан 2023-2024 жаңа оқу жылына баршаңызға сәттілік тілеп, жүрек жарды лебізін білдірді.

Әдеп кеңесі шешім етеді:

1. 2020-2023 оқу жыл аралығына жалпы ұжымға есеп берілді.

Әдеп кеңесінің төрайымы:

Хамза А.А.

Хатшы:

Қожаева У.С.

Хаттама

Педагогикалық әдеп кеңесінің жиналысы

15.11.2023 жыл

Қатысқандар саны: 18 тәрбиеші

Еңбек демалысындағы тәрбиешілер: 2 тәрбиеші

Қарастырылатын мәселелер:

1. 09.23ж күні жалпы ұжымға 2021-2022жж оқу жылымен 2022-2023 оқу жылының аралығында өткізілген әдеп кеңесінің атқарған жұмыстары;
2. 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспары;
3. Педагогтардың көпшілік ортада сыртқы келбеті.

Тыңдалды:

1. Әдеп кеңесінің төрағасы Хамза А.Ә. әдеп кеңесінің жаңа мүшелері Жанаева Г., Дуйсебаева К., Қойтілеуова Г және хатшы Кожаева У. таныстырды.
2. 2022-2023 оқу жылда әдеп кеңесі талқылаған мәселер жөнінде көз жүгіртіп, бір талқылап шықты. 2023-2024 оқу жылында талқыланатын мәселелердің алдын алу шараларын жүргізді. Оған ағымдағы өзекті тақырыптар педагогтың этика мен эстетиканы сақтай отыра қоғамда өзін өзі лайықты түрде ұстауы. Жалпы тәртіпке бағынып, педагог мәртебесін түсірмеуі, ата-аналармен оңтайлы мәміледе болып, тәрбиеленушілермен қарым-қатынасын нығайту.
3. Қазіргі заман педагогтың кәсіби іс - әрекетінің табысты болуы көбінесе имиджге байланысты.
Болашақта мектеп мұғалімі қандай болуы тиіс екенін түсіну үшін, бүгінгі күні орта білім беретін оқу орындарында жас ұрпақты оқытып және тәрбиелеп жүрген мұғалім бейнесін қайта қарауымыз керек.

Бұл орайда тілге тиек болатыны, педагогтардың біліктілігінің төмендігі, шәкірттермен арадағы педагогикалық әдептілік негіздері

қарым - қатынастардың қажырлығы және оның барлық уақытта сақтала бермеуі. Сондықтан, мұғалімге тән педагогтық қарым - қатынас әрекетінің мәні мен мазмұнын ашып, ұстаздарға оның негізгі сапаларын қалыптастыруымыз қажет сияқты. Сонымен ХХІ ғасыр педагог имиджіне тоқталатын болсақ, имидж – ағылшын тілінен аударғанда «бейне», «кейіп» деген мағына береді.

Ұстаздардың арасында айналасындағыларға өзі туралы жақсы әсер қалдыруды

маңызды санамайтындар да бар. Тіпті, кейбір педагогтар имидждің маңыздылығына сенбейді.

Басқа мамандық иелеріне қарағанда мұғалім мамандығы ерекше, ол әрдайым үлкен аудитория ішінде және көпшілік көз алдында.

Сонымен имидж – сіздің бойыңыздағы талантыңыздың жарқырап ашылуы, өзіңіз туралы жақсы пікір қалыптастыру жолы. Әлемдік өркениеттің стандарттарын ұсынатын американдық психологтардың пікірінше, тамаша табыс феномені – адамның имиджі мен оның карьерасымен тікелей сабақтас.

Егер олай болмаса, қолдан жасалған имидждің көмегі тимесі анық. Сондықтан да кәсіби мамандығын

жан - жақты меңгерген педагог қана жоғары бағаланып, әріптестері мен шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленбек.

Жалпы, адамдардың 85%- ы бізбен танысқан алғашқы бес секундта қалдырған сыртқы әсер бойынша баға береді деп есептелінеді.

Сол себепті педагогқа өзін көрсете білу, ұнау, өзі туралы жақсы пікір қалдырудың маңызы зор.

Әдеп кеңесі шешім етеді:

1. 2022-2023оқу жылындағы өткізілген мәселелер толығымен өз шешімін тапты;
2. 2023-2024оқу жылына қойылған жоспар орындалсын;
3. Педагог имиджін әр педагог орындап, бағынсын.

Әдеп кеңесінің төрайымы:

Хамза А.А.

Хатшы:

Қожаева У.С.

Хаттама № 7

Педагогикалық әдеп кеңесінің кезектен тыс жиналысы

Күні: 30.11.23ж

Қатысқандар: 17

Қатыспағандар: 3

Күн тәртібінде :

1. «Темір аудандық білім бөлімі» ММ білім беру ұйымының қызметкерлері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында хабарлама.

Тыңдалды:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Хамза А.Ә.:

Соңғы кездері білім саласындағы мемлекеттік органдардың (министерлік, білім басқармасы, білім бөлімі) қызметкерлерінің атын жамылып, несие қарыздарын өтеу жөнінде білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне қоқан-лоқы көрсетіп, өтемеген жағдайда жұмыстан босатылуы мүмкін екендігін айтып белгісіз тұлғалардың хабарласу фактілері жиілеп кетті.

«Білім туралы» ҚЗР-ның 43-бабының 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымының басшысы кадрларды іріктеуде және орналастыруда дербес болады делінген.

Жұмыс беруші мен қызметкердің арасында еңбек шартының бұзылуы ҚР Еңбек кодексінің 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60 және 61-баптарымен реттелген. Бұл баптарда несие өтелмеген тұлғаны жұмыстан шығару туралы талап көзделмеген.

Әдеп кеңесі шешім етеді:

1. «Темір аудандық білім бөлімі» ММ білім беру ұйымының қызметкерлері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында хабарлама тыңдалды.

Әдеп кеңесінің төрайымы:

Хамза А.А.

Хатшы:

Қожаева У.С.

МҚКК «Зере» бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ

Өткен күні: 12.12.2023ж

Қатысқандар саны: 15 тәрбиешілер

Күн тәртібінде:

1. Педагогтың құқықтары
2. Педагогтың көпшілік ортадағы әдеп этикалық нормалары.

Тыңдалды:

I. 1. Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Хамза А.А. педагогтың құқықтарын айтып өтті

1.2. Педагогтың көпшілік ортадағы әдеп нормалары мен ереже, құқықтанына шолу жүргізілді

II. 2.Хамза А.А. кеңес төрайымы :Бүгін жиналысымызда №153 жарлығының тармақтарына тоқтала өтеміз.

Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары

5. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) адал ниеттілік – қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету;
- 2) адалдық – өз міндеттеріне шынайы көзқарас;
- 3) әділдік – жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеу;
- 4) ашықтық – жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсету және өз іс-қимылының ашықтығын қамтамасыз ету;
- 5) сыпайылық – азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау;

б) клиентке бағдарлану – мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарына толықтай бағдарлай отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және жолданымдарды қарау кезінде төрешілдік көріністеріне және әуре-сарсаңға салуға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары

6. Мемлекеттік қызметшілерге мынадай талаптар қойылады:

1) қарапайым болу, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтау, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

2) мемлекет мүдделеріне және азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұру;

3) заңда белгіленген шектеулерді сақтау, мүдделер қақтығысын болдырмау;

4) азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дөрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмау;

5) іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау, азаматтардың көз алдында өздері өкілі болып табылатын мемлекеттік органдардың абыройы мен беделіне айқын нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға жол бермеу;

6) лауазымдық міндеттерді атқаруға байланысты кез келген сипатта құқыққа сыйымсыз уәделерді бермеу және құқыққа сыйымсыз міндеттемелерді алмау;

7) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын, сондай-ақ онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделерінде, оның ішінде оларға өзінің көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбау;

8) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік мүлікті тек нысаналы мақсаты бойынша, лауазымдық міндеттерін және рұқсат етілген қызмет түрлерін орындау үшін пайдалану;

9) қызметтік міндеттерді адал орындауға кедергі келтіретін құқыққа сыйымсыз қаржылық және мүліктік мүдделерді қудаламау;

10) қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жағдайларды қоспағанда, ойын мекемесіне барудан тартыну.

Әдеп кеңесі шешім етеді:

1. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы №153 жарлығы
2. Педагогтарға педагогикалық этика нормаларымен ережелерін орынлауға талап етілді.

Әдеп кеңесінің төрайымы:

Хамза А.А.



Хатшы:

Қожаева У.С.



«Зере» бөбекжай-балабақшасы МҚКК Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысының

№3 ХАТТАМАСЫ

Өткен күні: 01.04.2024ж

Қатысқанлар саны: 10 тәрбиешілер

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Педагогтердің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті;
2. Жеке фото суреттермен бейнелерді көпшілік алдына жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау.

Тыңдалды:

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттерді сіңіретін бірден бір жан болса, ол-ұстаз. «шәкірттің жақсы болмағы-ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып қана қоймай, қолынан келгенін бәрін үйретіп, бағыт-бағдар беріп, сыртқы келбетімен, киім үлгісімен, өзін-өзі ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Педагогтің шаш үлгісі өзіне жарасымды болғаны дұрыс.

Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындатып қана қоймай, өскелең ұрпақтың өзіне қарап бой түзеуіне, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді.

Сондықтан ұстаздар қандай кезде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де, әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет.

2. Педагог қандай кезде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн. Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаған кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиіс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәселені көтерген кезде де, өз

пікрінді білдірген кезде де әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет. Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермеу керек.

Жаттығу «Мүсіндеу»

Топ жұптасып бөлінеді. Педагог нұсқаулық береді: «Бір-бірінді сезініп, түсінулеріңіз үшін мен «Мүсін» жаттығуын ұсынамын. Өзіңді топта тап осы мезетте қалай елестетітіңізге қарайқиялдап көріңіздер, серігіңізді саз балшық ретінде пайдаланып, бірде-бір сөз айтпастан, одан сіздің бейнеңізді анықтайтын мүсінді жасаңыз. Сіз серігіңізге нені және қалай жасайтыңызды айтпай, бірақ көрсетіп, оның денесі мен бет әлпетімен жұмыс жасай аласыз. Топ мүшелері өз мүсіндерін жасап болған соң, педагог кішігірім пікірталас ұйымдастырып, келесі сұрақтарды қояды:

- Авторға: мүсіндеріңіз арқылы қандай ойланырыңызбен сезімдеріңізді жеткізгіңіз келді?
- «Мүсіндерге»: сіз арқылы жасалынған бейнені қалай түсінгеріңізді айтыпберіңізші?

Талқылау. Жалпы жаттығу адамдардың бір-бірін түсінулеріне, оңтайлы көңіл-күй қалыптастыруына бағытталады.

Әдеп кеңесі шешім етеді:

1. Педагогтердің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті қадағалансын;
2. Жәке фото суреттермен бейнелерді көпшілік алдына жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау қадағалансын.

Әдеп кеңесінің төрайымы:

Хамза А.А.

Хатшы:

Қожаева У.С.